



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Yaogun (рок-н-ролл) 摇滚

Бұл стильдің Қытайда орын алуының тарихын жеке кітап етіп шығарса болады. Ағылшын тілінің «рок-н-ролл» сөзі "yaogun" қытайша баламасына ие болған тек мәдени және әлеуметтік аспектілерді сипаттауының өзі көлемді дүние екені соншалық, тіпті осы бір мақалада оны келтіру мүмкін емес. Қазір Тайваньдағы және құрлықтық Қытайдағы рок-н-роллдың пайда болуына себеп болған екі композицияны атауға болады: "Lukang, little town" және "Nothing to my name"[3, 19].

Өзінің студенттік қозғалысқа (Тайваньдағы және Қытайдағы) сіңірген еңбегімен және әлеуметтік лирикасымен танымал Ло Даю(罗大佑) дәрігер ақырында музыкант атанып, 1982 жылы "Lukang, little town" атты әнін - мандарин тіліндегі тұңғыш наразылық әнді жарыққа шығарды. Сол кезде алғаш рет рок-н-ролл группа әнді толығымен қытай тілінде орындап шыққан болатын.

Алайда тайвань үкіметі әнді радио арқылы таратуға тыйым салды, себебі оның мәтінінде «Тайбэй —менің үйім емес, менің туған қаламда неонды шамдар жоқ » (台北不是我的家, 我的家乡没有霓虹灯) деген жол бар, бұны 1980-жылдардағы тайваньдық экономикалық дүрлікпеге «негативті тұспалдау» деп қарастырды. Тағдырдың тәлкегімен "Lukang, little town" қазіргі таңда Белладжио атты өте табысты және сыйлы мейрамхананың мандариндік атауы.

Қолданылған әдебиет

1. Алексеев В. Ы. Китайская литература: Избранные труды. М.: Наука, 1978
2. Асафьев Б. В. Музыкальная форма как процесс. 1971
3. Васильев Л. С. История Востока в двух томах М.: Высшая школа, 2001

ӘОЖ 78.01(510)

ҚЫТАЙ ЖАЗУЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Мамышева Әсемгүл

kurmanaliova_moldir@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «шетел филологиясы: қытай тілі» мамандығының IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі -Д.Мәсімханұлы

Қытай жазуы әлемдегі тарихы аса ұзын жазулардың бірі. Ол египеттік және шумер жазулары сияқты ертеде пайда болған. Ең көне жазу ескерткішдерінің бірі-бұл қытайдағы ежелгі жануарлар бейнесі. Бұл жануарлар көбінесе тасбақа, арыстан, сонымен қатар қола және күміс ыдыстары. Олардың барлығы XIX ғасырдың соңында Хуанхэ өзенінің маңында, қазіргі аньян қаласының қасында табылады. Бұл жазулар өте әралуан: бірде құмарлық ашулардың нәтижелері, бірде аспан пайда болуы туралы бейнеленген. Ол әрісі қытай қоғамының дамуында, берісі. Қытай тілінің өркендеуінде көрнекті рөл атқарып келген тарихтан белгілі. Қытай халқы өзінің ұзақ тарихы барысында, рухани құндылықтарды олар өз жазуларының көмегімен хаттап, дәріптеп, зерттеп бүгінге жеткізіп отырғаны белгілі. Демек қытай жазуы-бүгінде қытай халқының ғана емес, әлем халықтарының да баға жетпес қазасына айналып отыр.

Қытай жазуын бұрын-соңды тек қытайлар ғана емес, манайындағы тектес туыстары мен көршілері-Корей, Вьетнам, Жапония секілді елдерде қолданылады. Бұл тұрғыдан келгенде қытай жазуы ел мен елдің арасындағы мәдени алмасуды тереңдетіп, өзге елдердің де рухани құндылықтарын сақтап қолдауда белсенді рөл атқарып келеді деуге болады.

Алғашқыда қоғам кездерінде пайда болып, бүгінге жетіп отырған адамзаттың жазу мәдениеті кем де кем. Ал қытай жазуы ұзына тарих бойына нешеленген мәрте өзгеріске, өңдеуге ұшырағанымен, бүгінге аман жеткен өте бағзы жазулардың бірі есептеледі. Оның

тарихының тереңдігі соншалық, қытай жазуының алғашқы пайда болған кезеңі мифтік аңызға айналып кеткен. Қытай жазуының дамуының ілгерлеуіне қарай қатты заттарға қашаудың орнына жұмсақ материяға жазудың талабы пайда болады. ол көбінесе тері, жібек, ал бертінгі уақытта қағаздың бастапқы түрі қолданыла бастады. Осы тәсілдің нәтижесінде жазу оңайлана түсті. Осының нәтижесінде жазу белгілерінің жазылуы оңайлана бастады, өйткені жазу белгілері оқшауланды.

Айтып-айтып қытай жазуының тарихи аңызы-мифтік императорлар Фу-Ши мен Шын-Нуң кезеңінен басталады.(б.з.д. 5-ші мың жылдықтар). Аталған тарихи кезеңдерінде қажетті заттар мен құбылыстарды, оқиғаларды хатқа түсіру үшін триграммалар-бүтін және үздік сызықтардың жиынтығы мен түйіндері бар жіпшулар қолданылғанодан кейінгі аңыздық император Хуаң-Ди дуірінде, оның сарай тарихшысы Цаң-Жие қытай жазуын ойлап тапты делінеді. Бұл аңыз б.з.д. VIII ғасыр жазбаларында кездеседі. Қазіргі кезде қытай жазуларының бірнеше каллиграфиялық жазу белгілі. Бірақ олардың ішінде ең таралғаны «нармалы», «концелярлық» немесе «кайшу» жазуының түрі. Бұл жазудың түрі б.з. 350жылдары Ван Сижимен құрастырылды. [6]

Қытай тарихшыларының арасындағы аңыздық әфсанада белгілі деңгейде шындықтың негізгі бар дейтін ойдың жақтастары аз емес. Бұл көзқарасты ұстанушылардың мақсаты-қытай тарихын одан сайын кенелендіре түсу. Аталған ағым конценциясы бойынша император Хуаң-Ди өмірде болған тарихи бейне. Оның билік құрған дәуірі б.з.д. XXVI ғасырларға тура келеді. Осы тұрғылан келгенде, Хуаң-Ди тарихшы-хатшысы Цаң-Жие де өмірде болған адам. Әрі ол «жасады» делініп жүрген жазу да сол заманға жатады. Тіпті қытай жазуы Цаң-Жиеге дейін де болған. Ол тек бар жазуды жүйелеуші, әрі кеткенде «иероглиф реформаты» ғана деушілер де аз емес. Бірақ, дәл сол дәуірлердегі жазу мынау еді дейтін ешқандай дерек немесе қазба дәйек жоқ.

Белгілі қытай жазуын зерттеуші Таң-Лан қытай жазуының тарихын екі кезеңге бөледі. Бірінші кезең: ең көне жазудың пайда болуынан фонетикалық категория белгілерін жасағанан бүгінге дейін Таң-лан мырзаның пікірінше, фонетикалық категория белгілері Инь дәуірі (б.з.д. XVI ғасырлар) жазуында кездесетіндіктен, жазудың тарихын мөлшермен мың жылға шегеру керек екен. Ол қытай иероглифтік жазудың шығу кезеңін біздің жыл дегенді айтады.

Қытай жазуы-иероглифтік жазудың бүгінгі күндегі ең дамыған түрі есептеледі. Қазіргі қытай жазуында бір иероглиф белгілі мағынасы бар бір сөзді немесе сол сөздің маңызды бөлшегін таңбалау үшін қолданылады. Фонетикалық заңдылықтар бойынша бір қытай иероглифі бір буынға тең. Ал буын қытай тілінде морфологиялық мағынаға ие. Демек, әрбір буын бір сөздің немесе бір морфеманың дыбыстық қаңқасы болып табылады. Сондай-ақ қытай иероглифтері жеке дыбысты немесе фонеманы білдіре алмаптындықтан, тілдегі бүкіл сөздік қорға жеке-жеке таңба (әріп) жасапшығуға тура келгені мәлім. Осылайша қытай тіліндегі сөздерді бейнелейтін мағыналық таңбалар неше мыңдаған түрден асып жығылып отыр. Мысалы, қазіргі кейбір сөздіктерде 50 мыңнан астам иероглиф қамтылып отырғанын айтсақ та жеткілікті. Бұның өзі әріп түрінің күрделілене әкеліп соғып отыр. Әрі көп, әрі күрделі жазу үйрену мен пайдалануға шексіз қиындықтар әкелуде.

Қытай жазуының жасалу жолдары. Қытай жазуы жоғарыда айтқанымыздай, дыбыстық алфавит емес, буындық-мағыналық жазу болғандықтан, оның өзіне тән дасалу жолдары бар. Оларды мына төрт түрге жіктеуге болады:[4.237]

Пиктограммалы иероглифтер

Нұсқамалы иероглифтер

Идеографиялық иероглифтер

Идеофонограммалық иероглифтер

Бұл түрдегі иероглиф жасау тәсілі-негізінен заттар мен құбылыстардың кескін-пішінін сызу арқылы жүзеге асырылады. Міне осы тәсілмен жасалған әріптерді пиктограммалы иероглифтер деп атайды. Мысалы, қазіргі қытай тіліндегі ит, ат, балық, орта, көз ... дегендері білдіретін иероглифтер кезінде деген секілді суреттерден өзгертілген.

Пиктограммалы иероглифтердің кейбірі өзі бейнелемек болған заттың жалпы нобайы (мысалы «ауыз» деген сөз ...делініп), кейбірі сол заттың ерекше бөлшегін (мысалы «қой» деген сөз ... делініп), білдіреді. Әрине, қанша дегенмен жазудың аты жазу . ол мың жерден «сурет» болғанымен, заттың дәл өз бейнесін ұқсатып салуға міндетті емес.

Дегенмен пиктограммалы иероглифтердің арғы тегі сурет екені шын. Оны теріске шығару мүмкін емес. Алайда бүгінгі күні екеуміз арасында жер мен көктей мәндік айырмашылық бар екені хақ. Яғни пиктограммалы иероглиф бейнелі таңба ретінде тілдік сөздерге өкілдік етеді. Сөз ретінде дербес оқылуы болады. ал сурет болса, тілдегі жеке сөзді емес. Белгілі ойды білдіреді. Өнер туындысы ретінде бағаланады. [1.280]

Қытай жазуының ішіндегі пиктограммалы жазулар о баста тек қана нақтылы заттарды бейнелейтін «сурет сөз» болатын. Кейін келе олар суретті емес, иероглифтердің бөшегіне де айналып кеткен дайы бар. Демек осы пиктограммалы жазулар басқа да иероглифтерді жасаудың ұйтқысына айналады деуге толық негіз бар. Мысалы, жоғарыдағы келтірілген бейнелі иероглифтердің қатысуымен жүздеген-мыңдаған сөздердің таңбасы (жаңа иероглиф) жасалатындығы еске алсақ та жеткілікті.

Нұсқамалы иероглифтер

Белгілі бір сөздің беретін мағынасы нұсқалап келтіріп, таңба (әріп) ретінде пайдаланудан туындаған жазу түрін нұсқамалы иероглифтер дейді. Мысалы, қытай тілінде «1» деген цифр жазбаша түрде «--деп,»2»-ні «=»,»3»-ті «» деп бейнелейтінін білеміз. Ал бұдан басқа күрделілеу деген ойларды да осы тәсілмен дасап, білдірген. Айталық, «пышақтың жүзі дегенді қытайша «геп» дейді де, жазғанда... деп (яғни пышақтың суретін салып, жүз жағына бір нүкте қояды) жазады. Ал енді асты, үсті деген сөздерді ертеде(қазіргісөздері де солай) деп бейнелегенекен.

Нұсқамалы иероглифтер кейбір абстракттық ойларды білдіре алғанмен, көп жағдайда шектемеге ұшырап отырады. Себебі символдық таңбалармен сөз мағынасын білдірудің мүмкіндігі шектеулі болғандықтан нұсқамалы иероглифтерді көптеп жасай беру мүмкін емес. Қытай жазуларының ішінде нұсқамалы иероглифтердің аз болатын себебі де міне осында. Пиктограммалы және нұсқамалы иероглифтер негізінен бүтін бір тұлға болып келеді де, әрі қарай екі-үш иероглиф болып бөлшектенбейді. Сондықтан да бұларды «дербес иероглифтер» деп атайды.

Идеографикалық иероглифтер

Мағынасы басқа-басқа екі немесе одан көп иероглифтерді қосып, жаңа мағына білдіретін жасау тәсілін – идеографикалық тәсіл деп атайды. Идеографикалық «демалу» деген сөзді білдіретін иероглиф (休) екі иероглифтен құралған. Яғни адам (人) алғашқы (木) сүйеніп тұрса, «демалады» деген ұғымды білдіреді. Сол сияқты қолына таяқ алып (木) сиырды (牛) айдаса, «мал бағуды» (牧) білдіреді. Ал «теру, жинау» деген сөз ағаштың (木) үстіне тұрған қол (手) дегеннен туындаған. «Жарық» деген сөзді ауызекі тілден хатқа түсіргенде күн (日) мен айды (月) біріктіре салу арқылы(明) жасалған. Иероглиф жасаудың бұл тәсілі қытай тіліне жаңа таңбалар енгізу аясын кеңейте түсті. Дәлірек айтар болсақ, қытай жазуларының ішіндегі бір иероглифті қосарлау арқылы да біраз жаңа иероглифтер жасағаны белгілі. Мысалы, ағашты (木) қабаттау арқылы орманды(林), тоны үш қабаттау арқылы «ну орманды» (森) бейнелейтін таңба жасады. Ал от (火) деген таңбаны қабаттау арқылы «ыстық, қапырық» (炎) дегенді білдірді. Тіпті кейде қабатталатын әріптердің орнын, бағытын өзгерту арқылы да жаңа иероглифтер жасалып жатады. Мысалы, адам (人) деген екі иероглифті бір бағытқа теріс қаратып, қатар тұрғызу арқылы «салыстыру» деген сөзге таңба (比) жасалса, екі адамды бір-біріне, өзара теріс қарату арқылы «терістік, солтүстік» деген (北) сөзге таңба табылған. Керісінше, екі адамды бағыттас етіп қатар қою арқылы «ілесу» (从) деген иероглиф жасалған.[5.5]

Идеофонограммалық иероглифтер

Бір бөлігі дыбыстық оқылуын, екінші бөлігі мағыналық жағын білдіретін қосынды иероглифтер – идеофонограммалық таңба жасау әдісі деп аталады. Осы әдіспен жасалған қытай

әріптері идеограммалық иероглифтерге жатады.

Идеофонограммалық таңба жасау тәсілі – сөздің дыбыстық – мағыналық жағын толық қамтуды мақсат тұтады. Бұның өзі қытай жазуының мағыналық таңбаларды қуалаудан дыбыстық таңбаларға ойысып бара жатқандығының айқын дәлелі. Алайда, бұл тәртіптегі жазу жасау тәсілі дамып бүгінге жеткенде кейбір кереғарлықтарға да кез болып отарған жайы бар. Мәселен, идеофонограммалық иероглифтердің мағыналық бөлігі көптеген иероглифтердің жасалуына ұйытқы болып кеткендіктен, жаңа мағынасының не екенін бірден ажырату қиын. Екіншіден, аталған тәсілмен жасалатын иероглифтердің дыбыстық бөлігі де көп сөздің оқылуына пайдаланылып кеткендіктен, сондай-ақ кейбіреулері өзгеше оқылумен енгендіктен бірден дұрыс оқи жөнелудің өзі де қиынға соғып отыр. Ал қытай жазуының жасалу жолдарын ескі қытай жазбалары алты түрге бөлетін. Бұл жіктеу тәсілінің алғашқы төртеуі жоғарыда біз баяндап өткен әдіспен ұқсас. Ал қалған екеуі «бұрмаланған иероглифтер» және «мағына үстемеленген жасалу жолдарына» қоспағанымыздың өзіндік себебі жоқ емес. Ол себептерді айқынырақ көрсету үшін біз, «бұрмаланған иероглифтер» мен «мағына үстемеленген иероглифтерге» қысқаша болса да, жеке-жеке тоқталып көрелік:

«Бұрмаланған иероглифтер» деп жүргені – ұқсас кілттегі, бірдей немесе жақын оқылатын, мағыналық жағынан да өзіндік туыстығы бар таңбалар еді. Бұған олар мысал ретінде мен-ды, т.б. иероглифтерді айтады. Алайда пиктограммалы иероглифке, идеофонограммалы иероглифке жатады.

Ал «мағына үстемеленген иероглифтер» деп атап жүргендері-өзге бір жаңа мағына үстемеленген, бұрыннан бар иероглифтер. Мысалы, қытай тілінде «来» деген иероглиф, о баста «бидай майсасы» (麦) деген сөзді білдіретін. Кейіннен оған «келу» деген егістік мағынасы үстемеленеді.[10]

Жоғарыда баяндаған қытай жазуы жасалуының түрлі жолдарынан аталмыш жазудың бірте-бірте мағыналық таңбадан дыбыстық таңбаға бетбұрып бара жатқанын аңғаруға болады. Бұның өзі қытай жазуының дамып ежелденіп бара жатқандығының белгісі. Себебі, күн санап дамып отыратын тілдің қажетінен шығу үшін жазудың алфавиттік үлгіге жақындай түскені дұрыс. Идеофонограммалы иероглифтер міне осындай қажеттілік салдарынан күн өткен сайын молаюда. Мәселен, Ин-Щаң дәуірінде, қытай тіліндегі идеофонограммалы иероглифтер жалпы қытай жазуының 20 пайызын құрса, соңғы кезде 80 пайызынан астамын құрайтын жағдайға жетті. Демек қытай жазуының дыбыстық таңбалауға ойысы бастауы негізгі ағымға айналып қалғандай. Тағы бір айта кететін жағдай, қазір қытай елінің жазуға реформа енгізу саласындағылары күрделі иероглифтері оңайлату үшін де осы идеофонограммалы тәсілді қолдануда. Бұның өзі де аталған жайға әсерін тигізуде.

Алғашқы қауымдық қоғам кезіндегі адамдармен салыстырғанда құлдық қоғам мүшелері «өркениетті» өмірді басынан кешуде еді. Яғни олар бір-бірімен қарым-қатынас жасай жүріп, тек ыммен, әрі кеткенде сөзбен информация алысу жағдайын өзгертуге талпынды. Белгілі бір символы арқылы ой мен сезімді екінші біреуге жеткізудің басқа жолдарын іздеді, ақырында оны да тапты. .

Ал қытай жазуының жасалу жолдарын ескі қытай жазбалары алты түрге бөлетін /17/. Бұл жіктеу тәсілінің алғашқы төртеуі жоғарыда біз баяндап өткен төрт әдіспен ұқсас. Ал қалған екеуі «бұрмаланған иероглифтер» және «мағына үстемеленген иероглифтер» деп аталады. Біздің бұл екеуін «қытай жазуының жасалу жолдарына» қоспағанымыздың өзіндік себебі жоқ емес, Ол себептерді айқынырақ көрсету үшін біз, «бұрмаланған иероглифтер» мен «мағына үстемеленген иероглифтерге» қысқаша болса да, жеке-жеке тоқталып көрелік: «Бұрмаланған иероглифтер» (转注) деп жүргені-ұқсас кілттегі, бірдей немесе жақын оқылатын, мағыналық жағынан да өзіндік туыстығы бар таңбалар еді. Бұған олар мысал ретінде 老 мен 考-ды, т.б. иероглифтерді айтады. Алайда 老 пиктограммалы иероглифке, 考 идеофонограммалық иероглифке жатады.[4.237]

Жоғарыда баяндаған қытай жазуы жасалуының түрлі жолдарынан аталмыш жазудың бірте-бірте мағыналық таңбадан дыбыстық таңбаға бетбұрып бара жатқанын аңғаруға болады. Бұның өзі қытай жазуының дамып, кемелденіп бара жатқандығының белгісі. Себебі, күн

санап дамып отыратын тілдің қажетінен шығу үшін жазудың алфавиттік үлгіге жақындай түскені дұрыс, Идеофонограммалық иероглифтер міне осындай қажеттілік салдарынан күн өткен сайын молаюда. Мәселен, Ин-Щаң дәуірінде, қытай тіліндегі идеофонограммалық иероглифтер жалпы қытай жазуының 20 пайызын құраса, соңғы кезде 80 пайызынан астамын құрайтын жағдайға жетті. Демек қытай жазуының дыбыстық таңбалауға ойыса бастауы негізгі ағымға айналып қалғандай, тағы бір айта кетер жағдай, қазір қытай елінің жазуға реформа енгізу саласындағылары күрделі иероглифтерді оңайлату үшін де осы идеофонограммалық тәсілді қолдануда. Бұның өзі де аталған жайға оң әсерін тигізуде.

Қолданылған әдебиет

1. Қ. Жамалов. Ежелгі Шығыс мәдениеті. - Алматы : ЖШС РПБК Дәуір, 2011. - 280 с.
2. Виргинский В.С., Хотеев В.Ф. Очерки истории науки
3. История педагогики и образования/ Под ред. А.И.Пискунова.
4. Д.Мәсімханұлы., А.Әбиденқызы. Қытай филологиясына кіріспе.-Алматы: «Қазақ университеті».-2002.-237б;
5. Малявин З.В. Китайская цивилизация. М., 2001.
6. Нейгебауэр О. Точные науки в древности. М., 1968.
7. Крюков М.В., Переломов Л.С, Софронов М.В., Чебоксаров Н.Н.
8. Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. М., 1965.
9. История Древнего Востока/ Под ред. В.И.Кузищина.М., 1999
10. Фань Вэнь - лань. Древняя история Китая. М,

ОӘЖ (УДК) 392.86:663.95 (510)

ҚЫТАЙДЫҢ ШАЙ МӘДЕНИЕТІ ЖАЙЫНДА

Мансүр Шолпан

mansur_sholpan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
қытай филологиясы кафедрасының аға оқытушысы. Астана, Қазақстан

Қытай елі ежелден ақ шайдың ежелгі мекені саналады. Егерде 5000 жылдық тарихы бар қытай мәдениетін шексіз әлем десек онда шай мәдениеті сол әлемнің көз тартарлық ең жарық жұлдыздарының бірі саналады деуге болады. Шай мәдениеті сан ғасырлар бойы өзідік ерекшелігімен тарихи, дәуірлік, ұлттық, әлемдік сипаттарымен дараланып ұрпақтан ұрпаққа жалғасып әлем мәдениетінің өркендеуіне де өзіндік үлесін қосуда. Қытай елі дүниеде ең алғаш шай ағашын байқап, өндіріске қосқан ел санатында саналғанына да 4700 жылдың жүзі болды, ол туралы батыс хан дәуіріндегі жазбаларда нақтылы көрсетілген, сондай-ақ қазірге дейін толық қанды сақталған Таң патшалығының шай танушы ғалымы Лу Уидың б.з.б. 758 жылы жазып қалдырған “шай ілімнамасында” деректер келтірілген.

Шай- (茶) шай тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаштар мен бұталар туысына жататын бір түрі болып саналады. Шай дүние жүзі бойынша кофе, какао сынды 3 үлкен сусындық, 6 негізгі табиғи денсаулық сақтау өнімінің біріне жатады. Оның құрамында адам ағзасына аса пайдалы минерал заттармен витамин С, Е, В1, В2, белок, танин, кофеин, жир майы, аминокышқылы, фтор сынды көптеген дәрумендердің бар екені қазіргі ғылымда толық дәлелденген. Нақтырақ айтсақ бауыр, бүйрек қызметін жақсартады, жүйкені тынштандырып миды қуаттандырады, асқазандағы ас қорыту жүйесі мен зат алмасу процесін тездетуге де көмектеседі, шаршауды басып рухты көтереді, қандағы май құрамын азайтады, бактерияларды өлтіре алады, еңбек қабылеттілігі мен ой қызыметін арттырады. Демек қытайлардың наным бойынша күнделікті өмірде шайды дұрыс тұтынатын адамның өмірі ұзақ болады деп санайды екен, олар әу баста оны тек тамаққа және тасаттық берудей діни рәсімдерде ғана қолданған, кейін келе ғибадатханалардағы монахтар ас қортудай дәрілік